

**ТЕОРИЯЛЫҚ ЛИНГВИСТИКА
ТЕОРЕТИЧЕСКАЯ ЛИНГВИСТИКА
THEORETICAL LINGUISTICS**

Мақала/Статья/Article

FTAMP 16.21.65

<https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-1-12-24>

Мырзаберген Малбақұлы Малбақов^{1*}, Мендікыз Бексұлтанқызы Бердиллаева²

^{1*}автор-корреспондент, филология ғылымдарының докторы,

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.,

ORCID: 0000-0002-3352-0438 E-mail: myrzabergen@mail.ru

²гуманитарлық ғылымдар магистрі, Қазақ спорт және туризм академиясы,

Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0003-4484-1461 E-mail: mendikyz07@mail.ru

**В.В. РАДЛОВТЫҢ «ОПЫТ СЛОВАРЯ ТЮРКСКИХ НАРЕЧИЙ» АТТЫ
ЕҢБЕГІНДЕГІ ҚАЗАҚ СӨЗДЕРІНІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ**

Аңдатпа. Зерттеу жұмысының нысаны – В.В.Радловтың Санкт-Петербургте 1888-1911 жылдар арасында жарық көрген сегіз кітаптан тұратын төрт томдық «Опыт словаря тюркских наречий» атты сөздігіндегі қазақ тілі материалдары. Жалпы алғанда тіл ішінде болып жататын процестер мен сыртқы түрткіжайттардың ықпалынан кез келген тілдің өзгеріске ұшырайтыны белгілі. Осы тұрғыдан XIX ғасырда жасалған жалпытүркілік сөздікте қамтылған қазақ сөздерінің тілдік құрамы мен құрылымын бүгінгі тіл ғылымы тұрғысынан зерделеу әрқашан маңызды да құнды болмақ. Зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты – аталмыш сөздіктегі қазақ сөздерінің грамматикалық сипатын ашу болғандықтан, осы мақсатқа сай мақалада сөздердің жалпы фонетикалық, морфологиялық, сөзжасамдық ерекшеліктерін ашу міндеттері қойылады. Әліпби және графика, қазақ тіліндегі дыбыстардың жіктелімі, дауыстылардың үндестік заңы тәрізді күрделі мәселелердің шешімін табудағы ғалымның ұстанымдары жайында сөз болады. Зерттеу барысында тілдік материалды жинақтау, іріктеу, жүйелеу әдістері, сондай-ақ сипаттау, статистикалық талдау әдістері қолданылады. Зерттеу нәтижелері мен берілген ұсыныстар қазақ тіл білімі тарихын, тарихи лексикология мен лексикографияны зерттеу ісіне өз деңгейінде теориялық үлес, ал тіл тарихын оқыту үдерісіне практикалық үлес қосады.

Тірек сөздер: әліпби; жалпытүркілік сөздік; сингармонизм; сөзжасам; грамматикалық сипаттама

Қаржыландыру көзі: Мақала AP19677715 «В.В. Радлов сөздігі: XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы қазақ сөздерінің лексикографиялануы мен қалыптануы (лексика-семантикалық аспект)» атты гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

Сілтеме жасау үшін: Малбақов М.М., Бердиллаева М.Б. В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» атты еңбегіндегі қазақ сөздерінің грамматикалық сипаттамасы. *Tiltany*, 2025. №1 (97). 12-24-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-1-12-24>

Мырзаберген Малбақұлы Малбақов^{1*}, Мендикыз Бексұлтановна Бердиллаева²

^{1*}автор-корреспондент, доктор филологических наук, профессор,

Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы,

ORCID: 0000-0002-3352-0438 E-mail: myrzabergen@mail.ru

²магистр гуманитарных наук, Казахская академия спорта и туризма, Казахстан, г. Алматы,

ORCID: 0000-0003-4484-1461 E-mail: mendikyz07@mail.ru

**ГРАММАТИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА КАЗАХСКИХ СЛОВ
В РАБОТЕ В.В. РАДЛОВА «ОПЫТ СЛОВАРЯ ТЮРКСКИХ НАРЕЧИЙ»**

Аннотация. Материалы казахского языка, опубликованные в «Опыте словаря тюркских наречий» В.В.Радлова, изданного в 1888-1911 годах в Санкт-Петербурге в четырех томах и восьми книгах, являются основным объектом данного исследования. Общеизвестно, что каждый язык подвергается изменениям под влиянием внутренних языковых процессов и внешних факторов воздействия. В связи с чем, вдвойне ценно и значимо рассмотрение состава и структуры казахской лексики опубликованной в общетюркском словаре XIX века с точки зрения современной науки. Основной целью исследования является изучение грамматических характеристик казахской лексики, а именно, раскрытие фонетических, морфологических и словообразовательных особенностей слов. Также научному анализу подвергаются принципы решения проблем алфавита и графики, классификации звуков, закона сингармонизма

гласных, предлагаемые известным ученым-энциклопедистом XIX века. В исследовании применяются методы сбора, отбора, систематизации языкового материала, а также описательный, статистический и сравнительный методы анализа. Результаты исследования и представленные рекомендации вносят определенный теоретический вклад в дело исследования истории казахского языка, исторической лексикологии и лексикографии, а также могут быть полезными в практике преподавания истории казахского языка.

Ключевые слова: алфавит; общетюркский словарь; сингармонизм; словообразование; грамматическое описание

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта грантового финансирования AP19677715 «Словарь В.В. Радлова: лексикографирование и кодификация казахских слов II половины XIX в. и начала XX в. (лексико-семантический аспект)».

Для цитирования: Малбаков М.М., Бердиллаева М.Б. Грамматическая характеристика казахских слов в работе В.В. Радлова «Опыт словаря тюркских наречий». *Tiltany*, 2025. №1 (97). С. 12-24. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-1-12-24>

Myrzabergen Malbakov^{1*}, Mendikyz Berdillayeva²

^{1*}Corresponding Author, Doctor of Philological Sciences, Professor, A. Baitursynov Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-3352-0438 E-mail: myrzabergen@mail.ru

²Master of Arts in Humanities, Kazakh Academy of Sport and Tourism, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0003-4484-1461 E-mail: mendikyz07@mail.ru

GRAMMATICAL CHARACTERISTICS OF KAZAKH WORDS IN THE WORK OF V.V. RADLOV “THE EXPERIENCE OF THE DICTIONARY OF TURKIC DIALECTS”

Abstract. The materials of the Kazakh language, published in the «The experience of the dictionary of Turkic dialects» by V.V. Radlov, published in 1888-1911 in St. Petersburg in four volumes and eight books, are the main object of this study. It is well known that each language is subject to change under the influence of internal linguistic processes and external factors. In this regard, it is doubly valuable and significant to consider the composition and structure of the Kazakh vocabulary published in the common Turkic dictionary of the 19th century from the point of view of modern science. The main purpose of the study is to study the grammatical characteristics of Kazakh vocabulary, namely, the disclosure of phonetic, morphological and word-formation features of words. Also, the principles of solving the problems of the alphabet and graphics, classification of sounds, the law of vowel, vowel harmony proposed by the famous scientist-encyclopedist of the 19th century are subject to scientific analysis. The study uses methods of collecting, selecting, systematizing language material, as well as descriptive, statistical, and comparative methods of analysis. The results of the study and the presented recommendations make a certain theoretical contribution to the study of the history of the Kazakh language, historical lexicology and lexicography, and can also be useful in the practice of teaching the history of the Kazakh language.

Keywords: alphabet; common Turkic dictionary; synharmonism; word formation; grammatical description

Source of financing: The article was prepared within the framework of the project of the grant financing of the AP19677715 “Dictionary of V.V. Radlov: lexicography and formation of kazakh words of the second half of the early XIX and XX centuries (lexico-semantic aspect)”.

For citation: Malbakov, M., Berdillayeva, M. Grammatical Characteristics of Kazakh Words in the Work of V.V. Radlov “The Experience of the Dictionary of Turkic Dialects”. *Tiltany*, 2025. №1 (97). P. 12-24. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-1-12-24>

Кіріспе

В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» атты еңбегі шамамен жетпіс мың сөзді қамтыған жалпытүркілік сөздік болып табылады. Бұл, бір жағынан, үш тілдік аударма сөздік болса, екінші жағынан, ішінара этимологиялық және этнографиялық, энциклопедиялық сипатты тарихи-салыстырмалы сөздік болып табылады. Ғалым қазақ тілі бойынша материалдарды ең алдымен ғылыми экспедициялар кезінде жинады. В.В. Радлов 1862 жылы Қазақстанға жасаған алғашқы сапары кезінде Шығыс Қазақстаннан бастап Іле алқабын аралап, Ыстықкөлге дейін барып қайтты. Экспедиция нәтижесінде қазақ, қырғыз халықтарының тілі, тарихы мен этнографиясы, археологиясы мен фольклоры жөнінде қомақты материал жинастырады. Ғалым 1868 жылы да қазақ даласына арнайы үлкен экспедиция ұйымдастырады. Бұл жолы ол оңтүстік өлкелерді жаз бойы аралап, Түркістан жерінде, Сырдария облысында болды. 1869 жылдың жазын да ғалым қазақ даласында өткізді. Бұл жолы экспедиция Қапал, Алтынемелді басып өтіп, Жетісуда болды, Шу даласымен жүріп, Ыстықкөл жағасындағы елдерді тағы да аралады. Ғалымның осы іссапарлар кезінде жинаған тілдік материалдары оның жалпы қазақ тілі бойынша жинақтаған бай материалдарының негізін құрайды. Кейін ғалым бұларға Н.И. Ильминский, Л.Будагов, т.б.

авторлардың сөздіктеріндегі қазақ сөздерін қосып, бірбүтін жұмыс даярлады. Барлық сөздік атаулы тәрізді бұл жұмыста да бірінші кезекте түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің лексикасы сөз болады. Алайда бұл лексика жалаң сөздердің тізімін құрамайды. Тілдегі нақты қолданымды көрсететіндіктен, сөздер белгілі бір фонетикалық тұлғада, нақты морфологиялық және сөзжасамдық құрылымда беріледі. Жалпы тілтаным ғылымы тұрғысынан қарастырған кезде де фонетика, морфология, сөзжасам грамматика қарастыратын басты мәселелер құрамына кіреді. Тілдің грамматикасын құрайтын осынау құрылымның нақты сөз бойында, нақты сөздік бойындағы көрінісі, оның лексикографиялану ерекшеліктері осы ұсынылып отырған мақаланың басты жазылу мақсатын құрап отыр.

Материал және әдістер

Аталмыш сөздікте сегіз мың бес жүзден астам қазақ сөзі бар. Олардың лексикографиялануындағы тұлғаланым және құралым мәселелерін рет-ретімен жан-жақты сөз ету жолында бірінші кезекте сөздік бірліктердің фонетикалық жай күйі, екінші кезекте морфологиялық, сөзжасамдық жағдаяттары айқындалады. Жалпытүркілік сөздікте қамтылған қазақ сөздерінің грамматикалық ерекшеліктерін анықтау барысында ғылыми-практикалық зерттеу тұрғысынан: *фонетикалық талдау, морфологиялық талдау, сөзжасамдық талдау, құрылымдық жүйелеу, сипаттама жасау, тұлғалық тұрғыдан топтастыру, синхрондық және диахрондық талдау, өзара салғастыру* әдістері қолданылады.

Әдебиетке шолу

Академик В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» атты еңбегінің алғысөзінде түркі тілдерінің сөздерін қалай жинастырғаны, осы сөздікті құрастыру барысында ғалымның қандай еңбекті қалай пайдаланғаны туралы бүге-шігесіне дейін айқын жазылған (Радлов, 1893). Қазақ лексикологиясы мен лексикографиясы, грамматикасы үшін В.В. Радловтың сіңірген еңбегі туралы тұңғыш рет К. Хұсайыновтың монографиясында сөз болады (Хусаинов, 1981). Қазақ грамматикасы бойынша XIX ғасырда жоғары деңгейлі ғылыми біліктілікпен жазылған, сол кезеңдегі түркітанымдағы ең көшелі зерттеулердің бірі саналатын ғылыми еңбек болған, түркітанымдағы грамматика саласы бойынша жасалатын ғылыми ізденістерде жол ашатын, бағыт сілтейтін туынды – В.В. Радловтың солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы туралы зерттеуі болды (Radloff, 1882: 3). Сөзімізге арқау болып отырған сөздіктегі түркі тілдері бойынша лексикографияланған сөздік бірліктердің басым көпшілігін жинақтауда ғалымның «Образцы народной литературы тюркских племен» деп аталатын он томнан құралған үлкен еңбегі зор рөл атқарды. Қазақ тілі лексикасы мен грамматикасы бойынша соны деректер осы еңбектің қазақ тіліне арналған үшінші томынан алынып отырды (Радлов, 1870). Зерттеу жүргізуге ыңғайлы болғандықтан осы еңбектің қазіргі қазақ тілі мен орфографиясында шығарылған нұсқасы қоса пайдаланылды (Уахатов, Қасқабасов, Матыжанов, 1994). Осы тақырып бойынша, яғни қазақ тіліндегі сөздік бірліктердің грамматикалық ерекшеліктері бойынша зерттеу жүргізу барысында қазіргі заманауи және XIX ғасырдан бастап жазылған ғылыми еңбектер, атап айтқанда, М.Әлімбаевтың кандидаттық жұмысы (Әлімбаев, 2010), И.Батмановтың монографиясы (Батманов, 1946), Ж.Аралбаевтың этюдтері (Аралбаев, 1988), В.А. Шнайдердің кандидаттық жұмысы мен монографиясы (Шнайдер, 2010), В.В. Радлов сөздігіндегі фонетика, жалпы грамматика, лексикология мен лексикография мәселелерін зерттеген қырғыз ғалымдары С.Ж. Мусаев пен С.З. Садықованың еңбектері (Мусаев, Садыкова, 2018; Садыкова, Мусаев, 2017), қазақ тілінің грамматикасы (Қазақ грамматикасы, 2002), В.В. Радловтың замандасы Н.И. Ильминскийдің материалдары (Ильминский, 1860), сондай-ақ тіл тарихын зерттеуші маманның (Сыздықова, 1993), қазақ тілі бойынша оқулық авторының (Бектұров, 2008) еңбектері пайдаланылды.

Нәтижелер және талқылау

В.В. Радлов сөздігінің әліпби құрамы кирилл, латын әріптерінен, әріп болып саналмайтын таңбалардан және диакритикалық қосымша белгілерден тұрады. Сөздіктің 1864 жылы «Образцы народной литературы тюркских племен» атты еңбектің бірінші томымен бірге академик А.А. Шифнерге жіберілген бастапқы нұсқасында В.В. Радлов мынадай әліпбилік реттілікті ұсынған екен: *а, ä, е, о, ö, у, ү, ы, і --- к, қ, ғ, г, ң, ж, л, і, р, т, д, ч, ң, ң, з, н, с, з, ш, ж, п, б, м, һ, һ*. Академик

Сөздіктегі қазақ сөздері, әрине, бұл әріптердің барлығында кездесе бермейді. Сөздіктегі қазақ сөздерінің фонетикалық сипаты жөнінде алғашқы зерттеме жасаған ғалымдардың бірі – Көбей Шахметұлы Хұсайын. Ғалым өзінің кандидаттық диссертациясы негізінде жазылған «В.В. Радлов и казахский язык» атты монографиясында (Хусаинов, 1981: 11) В.В. Радловтың қазақ тілінде тоғыз дауысты дыбыс бар (а, ә, е, о, ө, у, і, ұ, ү) деген пікірін қолдайды. Радлов ұсынып отырған дауыстылар құрамы қазіргі қазақ тіліндегі мынадай кирилше әріптермен сәйкес келеді екен: а – а, ä – 1) ä, 2) e; e – e, o – o, ö – ø, y – ы, i – i, u – ұ, ü – ү (Хусаинов, 1981: 70-71). Қазақ вокализмі тоғыз дауыстыдан тұратынын айта отырып, В.В. Радлов оларды іштей: ашық (а, ә, е, о, ө), қысаң (ы, і, ұ, ү), жуан (а, о, ұ, ы), жіңішке (ә, е, ө, ү, і), еріндік (о, ө, ұ, ү), езулік (а, ә, е, ы) деп жіктейді. Ғалым қазақтардың консонантизм саласы жиырма дауыссыздан құралатынын атап, дауыссыздарды: қатаң (q, k, t, p, s, š), ұяң (γ, g, d, b, z, ž), үнді (n, m, ŋ, r, l, I) және аралық немесе жарты дауысты (w, j) деп төрт түрлі акустика-артикуляциялық топқа жіктеген. Келтірілген жіктемеден В.В. Радловтың қазақ тіліндегі дыбыстар құрамын қаншалықты жақсы білгендігін байқауға болады.

Жалпы айтқанда В.В. Радлов қазақ тілі вокализм жүйесін толық ашып, тілде тоғыз дауысты

дыбыс бар екендігін өте дұрыс айқындап кеткен. Тіл білімінде дауысты дыбыстарды дұрыс белгілеудің мәні зор. Ғалымның дауысты дыбыстарға байланысты пікірі кейінгі түркітанушы, қазақ фонетикасы мамандары арасында толық қолдау тауып, осы күнге дейін дұрыс пікір ретінде қолданылып жүр.

Сөздіктің алғысөзінде (XIII-б.) ғалым: $\text{ц} = \text{д} + \text{ж}$, $\text{з} = \text{д} + \text{з}$, $\text{ј} = \text{т} + \text{ј}$ (тья, тью, тье, тьи), $\text{ј} = \text{д} + \text{ј}$ (дья, дье, дью, ды) болатынын жазады. Сөздіктің негізгі бөлігінде осы жоғарыда келтірілген заңдылық сақталып отырады. Ғалым қазақ елінің шығыс, оңтүстік-шығыс өлкелерінде іссапарда болған кездерінде «ж» дыбысының «дж» түрінде дыбысталатынын байқаған. Тілдегі осы құбылыс туралы ғалымның өз сөзін келтірсек: «...даланың шығысындағы қазақтарда көп сөз алдынан д дыбысы айқын естілетін дж дыбысынан басталады. Ильминский дж -ның орнына ж -жазады, бұдан байқайтынымыз: алдынан айтылатын д даланың батысында жоғалған тәрізді» (Уахатов, Қасқабасов, Матыжанов, 1994: 16). Ғалым бұл құбылысты қазақ тіліндегі ескі кездерден келе жатқан заңдылық деп қабылдаған. Сол себепті де ол ж-дан басталатын қазақ сөздерін ц таңбасымен белгілеп отырған: ${}^1\text{ца} = \text{цаі} - \text{лук: сары ца башкирский лук}$; ${}^1\text{цаі} - \text{лук: цаі тартты}$ он натянул лук; ${}^3\text{цаі} - \text{лето: цаі басы}$ начало лета; ${}^4\text{цаі} - \text{молния: цаі тўстў}$ молния ударила; ${}^6\text{цаі: цаі намаз}$ подстилка, на которой молятся; $\text{цаңбыр} - \text{дождь: цаңбыр цаудў}$ дождь шел; цеңгә 1) жена старшего брата, родная тетка; 2) невеста, иногда так называет свою мачеху; $\text{цын} - \text{злой дух: цын}$ урбан бесноватый, страдающий падучей болезнью. Бұл құбылыс туралы не айтуға болады? Әрине, ғалымның өзі жүрген жерлерде «ж» дыбысының осылай дыбысталатынын байқауын және оны өз сөздігінде бейнелеуі – мақтарлық нәрсе. Алайда мұның бүкіл қазақ даласына тән емес екендігі белгілі жайт. Сол себепті де жоғарыда келтірілген сөздердің XIX ғасырда, жалпы қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі еңбектердің басым көпшілігінде «ж»-мен дыбысталатындығы және қазіргі кездегі қазақтың әдеби тілінде де «ж»-мен дыбысталатындығы ғылыми жұртшылыққа аян. Сондай-ақ ғалымның қазақ тіліндегі ә дыбысының орыс тіліндегі э дыбысына барабар айтылуы туралы жазғаны бар. Шындығында, В.В. Радловтың өз аяғымен жүріп зерттеген, экспедицияда болған жерлерінде (Шығыс Қазақстан, Жетісу өңірі) дыбыстың дәл осындай айтылуының бар екендігін мойындау керек. Ғалым мұны да дәл байқаған. Алайда бұл құбылыс та қазақ жерінің барлық өлкелеріне тән емес. Сондықтан жалпы қазақ тілі туралы толықтай осылай кесіп-пішіп айтуға болмайды. Тағы бір сұрау тудыратын жағдай: Радловтың түркі тілдеріндегі і дыбысын орыс тіліндегі и дыбысымен тепе-тең көруі болмақ. Мысал ретінде қазақ тілін келтіретін болсақ, і дыбысының дауысты, ал и дыбысының дауыссыз екендігі бар. В.В. Радловтың өзі: «Байқауымша батыс далада і қысқа дыбысталады. Ильминский көпшілік жағдайда е -нің орнына и(і) жазады, мысалы: $\text{бер} - \text{бір}$. Бірақ ол е дыбысын қалған буындарда е(а) дыбысының орнына қолданатын е әрпімен береді. Мен тыңдаған қазақтар е дыбысын тек бірінші буында ғана айтады. Басқа жағдайларда Ильминскийдің дауысты дыбыстарды беруі менің белгілеуіммен сәйкес келеді» – дейді (Уахатов, Қасқабасов, Матыжанов, 1994: 22).

В.В. Радлов, әсіресе, дауыстылардағы үндестік заңына (сингармонизм) айрықша назар аударады. Тілдегі үндестік мәселесіне зор мән береді. Ғалым түркі тілдерінде сингармонизмнің екі түрі бар екенін атай отырып (палаталды – езу, лабиалды – ерін), ерін үндестігінің соңғы буындарға әсері XIX ғасырда әлсіреп барады» деген ой айтады. Ғалымның сол кезеңдегі қазақ тілі бойынша ұсынған материалдарынан қазақ тіліндегі ерін үндестігі мықты екендігіне көз жеткізу қиын емес. Іс жүзінде XIX ғасырдағы ерін үндестігінің толық сақталып отырғандығын байқауға болады. Еңбектегі қазақ сөздерінің жазылуы мынадай болып келеді: төтөлө , төтөлүк , төбөлөстүр , төбөлдүрүк , цексүрүндү , цөткүрүк , цүгүрүстүр , цүгүрмөлү , цүрөксүздүк , цүдөмөлөт , соктүбүс , бүлдүүргөн , бүлдүүргө , бүрмөлө , бүркөөндүүр , бүркөөнишөк , бүгөжөк , бүгөжөктө , бөлтүрүк , бөдөнө , бөпө , жұлдүздү , көзүлдүрүк , күлдүрөуүш т.б.

Алайда XX ғасыр барысында, сондай-ақ қазіргі кезеңде үшінші, төртінші буындарда үндестіктің әлсіреп, жойыла бастағанын байқаймыз. Бұл, бір жағынан, морфологиялық принципке негізделген жазудың әсері болуы да мүмкін. Дегенмен осы мәселені сонау XIX ғасырда байқаған Радловтың көрегендігін мойындамасқа болмайды.

Ғалым сингармонизмге қатысты ойын жалғастырып, дамыта түседі: «Мы не можем прийти к правильному пониманию гармонии лишь в том случае, если мы уясним, какое положение

занимают эти характерные фонетические особенности тюркского вокализма по отношению к словообразовательным, морфологическим элементам тюркских языков» – дейді (Radloff, 1882: 27). Ол үшін дауыстылардың үндесімі құбылысының: 1) жеке сөздер тұлғасының бұдан арғы дамуына әсерін; 2) күрделі сөздердің жасалымына әсерін; 3) кірме сөздерге әсерін бақылау қажет екен (Хусаинов, 1981: 100). Түркі тілдерінің одан арғы дамуы барысында ғалымның сингармонизм туралы айтқандарының негізді екендігі дәлелденіп отыр.

Дегенмен күні бүгінге дейін түркі тілдерінің осы бір көне құбылысының табиғаты толық ашылмағандығын мойындауымыз керек (Хусаинов, 1981: 124). Бір нәрсе анық: түркі тілдеріндегі, сондай-ақ қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың саны – тоғыз. Басқаларын қосып («жартылай дауысты» деген негізде) олардың санын көбейтудің қажеті жоқ. Мәселен, дауыстылар қатарына *и* менен *у* қосылатын болса, сингармонизм заңдылығы бұзылады. Бұл мәселе айқын байқалып отыр. Ғалым М.Әлімбаев «Қазақ тіліндегі үндесім құбылысының артикуляциялық сипаты» атты кандидаттық диссертациясында В.В. Радловтың фонетикалық тұжырымдарын мысалға келтіре отырып: «Ғалымның сингармонизмді морфологиямен байланыстыруы оның құрылымдық қызмет атқаратынын көрсеткені деп түсінеміз» деген ой айтады (Әлімбаев, 2010: 7). Біз осы ойға қосыламыз.

Қазақ тілінде, әсіресе қырғыз және якут (саха) тілдерінде ерекше айқын түрде байқалатын сингармонизм заңы – түркі тілдері ғана емес, жалпы алтай тілдері тобына тән, көне дәуірлерден бері келе жатқан ескі құбылыс екендігі дау тудырмайды. Сондықтан осы дыбыстар арасындағы үндесім заңдылығынан айрылып қалмауымыз керек. Үндесім заңдылығының тек дауысты дыбыстарды ғана емес, дауыссыз дыбыстарды да, жалпы тілдегі барлық дыбыстарды қамтитындығы белгілі болды. Ол заңдылықты қазақ ғалымы профессор Әлімхан Жүнісбекұлы толық дәлелдеп берді. Қазақ тіліндегі көптік қосымшасының *-лар/-лер* ғана емес, сонымен бірге *-дар/-дер*, *-тар/-тер* болуы да осы сингармонизм заңдылығының көрінісі.

В.В. Радлов түркі консонанттық жүйесін толық сипаттап берген ғалым. Ол түркі, оның ішінде қазақ тілі дауыссыз дыбыстарының физиологиялық сипатын анықтай отырып, дауыссыз дыбыстардың сөздің әр позициясында қолданылуына байланысты толық мәлімет берді. Түркі тілдерінде сөз басы мен аяғында қолданылатын дауыссыз дыбыстардың ерекшелігін ғылыми негізді материалдармен дәлелдей алды. Ғалым түркі тілдерінде *л* дыбысының екі түрі (ұяң және қатаң) болатынын жазған және екеуін де әліпбиіне енгізген. Біз мұны Радловтың жоғарыда сөз болған үндесім заңдылығына байланысты туындаған ғалымдық сезігінің нәтижесі ретінде қабылдаймыз. Көп ғалымдар оны қателік ретінде атап өтті.

В.В. Радлов түркі тілдерінің *л* дыбысын екі таңбамен белгілеп екі басқа, яғни жуан дауысты дыбысты сөзде *І*, жіңішке дауысты дыбысты сөзде *І* дыбыстары қолданылады деп түсінген. Ғалым *л* дыбысына сипаттама берген кезде былай деп жазады: «*л* дыбысы орыс тіліндегі *а*, *о*, *у* дыбыстарының алдында тұратын *л* дыбысына толық сәйкес келмейді. Бұл дыбысты айтқанда тіл арты қатты төмен түспейді, сондықтан түркі тілдеріндегі *л* дыбысы орыс тіліндегі *л* мен неміс тіліндегі *І* дыбыстарының арасында тұрады дейді (Радлов, 1893: 12). Қырғыз тілін зерттеуші И.Батманов бұған қарсы пікір айтып, бұл екі дыбыс бір фонеманың варианттары болып табылады дейді (Батманов, 1946: 83). Қазақ фонетикасының маманы Ж.Аралбаев та И.Батмановтың пікірін қолдайды: «Түркі тілдерінде дауыссыз дыбыстар сөздегі дауыстылардың ыңғайына қарай әртүрлі вариантта айтыла береді. Мәселен, *ал*, *ел*, *ол* сөздерін алайық. Мұнда «*л*» соноры дауысты дыбысқа байланысты бірде жуан (*ал*), бірде жіңішке (*ел*), бірде ерінмен (*ол*) айтылып тұр, олар атқаратын қызметіне қарай бір ғана фонеманы құрай алады. Фонема сөзде әлденеше фонетикалық-комбинаторлық вариантта кездесе береді. Демек, В.Радлов *л* сонорының фонематикалық қасиетін теріс түсінген» (Аралбаев, 1988: 6).

В.А. Шнайдер 2003 жылы В.В. Радловтың «Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы» еңбегі бойынша кандидаттық диссертация қорғап, В.В. Радловтың түркі фонетикасына байланысты басты еңбегімен арнайы айналысқандықтан, бұл зерттеуінде аталған еңбектегі түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің дауысты дыбыс жүйесі, үндестік заңы, оның сөздің түбіріне, қосымшада көріну деңгейі т.б. кейбір тіл фонетикасын айқындай түсетін мәселелерді қазақ тіліне аударып, былай қорытындылайды: 1) В.Радлов қазақ тілі вокализмдік жүйесін толық ашып, тілде

тоғыз дауысты дыбыс бар екендігін өте дұрыс айқындап кетті. Ғалымның бұл пікірі кейінгі түркітанушы, қазақ фонетикасы мамандары арасында осы күнге дейін толық қолдау тауып жүр; 2) Ғалым күрделі сөздер мәселесіне келгенде, тілдің ішкі фонетикалық заңдылықтарын дұрыс айқындап, әр компонент құрамындағы дауысты дыбыстың рөлін сипаттап, дауысты дыбыстардың сөз күрделену үрдісіндегі қызметін ашып, дәлелдеді. Сөйтіп, кейінгі зерттеушілерге дұрыс бағыт-бағдар сілтеді; 3) Кірме сөздердің үндестік заңына бағыну мәселелерін айқындады. Түркі тілдері бойынша тұңғыш рет кірме сөздердің игерілу механизмі жасалды; 4) В.Радлов өз еңбегінде қазіргі қазақ фонетикасының мамандары арасында пікір-талас тудырып отырған ерін үндестігінің сөз ішінде қолданылу аясын айқындады; 5) В.Радлов түркі консонанттық жүйесін толық сипаттап берген ғалым. Ол түркі, оның ішінде қазақ тілі дауыссыз дыбыстарының сөздің әр позициясында қолданылуына байланысты толық мәлімет берді. Түркі тілдерінде сөз басы мен аяғында қолданылатын дауыссыз дыбыстардың ерекшелігін ғылыми негізді материалдармен дәлелдей алған (Шнайдер, 2003: 28).

В.В. Радлов дифтонг пен трифтонг мәселесіне де көңіл аударған. Бұл мәселе жөнінде түркі тіл білімінде әртүрлі көзқарастардың бар екендігі белгілі. Профессор К. Хұсайын жоғарыда сөз болған еңбегінде В.В. Радловтың қазақ тіліндегі дифтонг сыңарларын дұрыс анықтағанын (*aj, ej, uj, ij, ij, oj, öj*) айта отырып, екінші бір жағдайда *aw, ew, öw* құрамына талдау жасау кезінде қателікке бой алдыратынын жазады (Хусаинов, 1981: 167). В.Шнайдер ғалымның қазақ тіліне қатысты сөздердің құрамындағы *ua, au* тағы басқа дифтонгтар бар деген пікірімен келіспейді. Ол былай жазады: «оның себебі, қазақ тілінде *u* дыбысы – дауыссыз дыбыс. Дауыстының позициясында тұрғанда алдынан үнемі дауысты дыбысты қосып алып айтылады. Мысалы, *туынды [тұуынды]* т.б. Тіпті, сөз басында дауыссыз дыбыс ретінде келгенде де, алдынан үнемі *u* дыбысы естіледі. Мысалы, *уақ [ұуақ]* т.б. Ал егер де *u* бұл жерде дауысты дыбыс болып есептелсе, «қазақ тілінде трифтонг бар» дегенді мойындауға мәжбүр болар едік. Ал *u* мен *i* дыбыстары тіркесіп келетін *a, ы, ә, e* дыбыстарының *au, ыu, (киын), әu, ie* қосындылары дифтонгтан гөрі «жалған дифтонг» деген терминге лайық. Егер де *i* мен *u* дауысты дыбыс ретінде қарастырылса, онда бұл тілдегі екі үлкен заңдылыққа қайшы келер еді. Яғни, сөз құрамында екі дауысты дыбыс қатар тұрып, сөз ішінде дауыстыға басталатын буын түрі болар еді. Сонымен, В.Радловтың дифтонгты дыбысқа келтірген *уат, уан, қуан, жуан* сөздері, трифтонгқа берген *әуес, сүйеу* сөздері тілде бұл құбылыстың бар екендігін дәлелдей алмаса керек» дейді (Шнайдер, 2010: 100-101). Дей тұрғанмен түркі тілдерінің фонетикасы мәселесін зерттеу бойынша В.Радловтың сіңірген еңбегі аса зор. Ғалым тұңғыш рет түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасын жасап, онда қазақ фонетикасының едәуір мәселелерін сөз етті. В.Радловтың «Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы» атты еңбегі күні бүгінге дейін өзінің ғылыми мәнін жоғалтқан емес, мұнда қазақ фонетикасының едәуір мәселелері, атап айтқанда: дыбыс құрамы, сөзде дыбыстардың қолданылу ерекшелігі, дыбыстардың әртүрлі өзгеру заңдылықтары, сингармонизм құбылысы, екпін категориясы сияқты өзекті мәселелер өзге түркі тілдерінің материалдарымен салыстырыла отырып талданады. В.Радловтың аталмыш еңбегінің түркі тілдерінің фонетикасын, грамматикасын, лексикологиясы мен лексикографиясын одан арғы зерттеу үшін қаншалықты маңызды болғандығы туралы түркітаным саласында жарық көрген С.Ж. Мусаев, С.З. Садықовалардың еңбектерінде (Мусаев, Садыкова, 2018; Садыкова, Мусаев, 2017) жан-жақты сөз болады.

В.В. Радлов сөздігіндегі қазақ тілі лексикасының морфологиялық сипаттамасы туралы сөз етер болсақ, ең алдымен, жалпытүркілік сөздікте қазіргі қазақ грамматикасында қарастырылатын сөз таптарының барлығының толық қамтылғандығын айтуға болады. Қазіргі қазақ тілі бойынша жүргізілген статистикалық санақтар бойынша, сөз саны жағынан ең көбі зат есім сөздер болып шығады. В.В. Радлов сөздігі де осы жағдайға толық дәлел болып отыр. Сөздікте ең көп кездесетіні бірліктер – зат есім сөздер. Қазіргі тілімізде зат есім мағынасында қолданылып жүрген сөздердің барлығы дерлік түбір күйіндегі сөз болған жоқ. Олардың бірқатары зат есімнің өзіне, тағы бірқатары басқа сөз таптарынан жұрнақ жалғану арқылы жасалған сөздер. В.Радлов сөздігінде де мұндай заңдылықты байқауға болады. Зат есім категориялары көптеп кездеседі. Негізінен жалпы есімдер, атау септікте тұрған сөздер берілген. Сонымен қатар жалқы есімдерді де

кездестіруге болады. Мысалы, «*Айдархан* город Астрахань *Айдархан* деңізі – Каспийское море», *ақ* сөзінің мағыналарын ашқанда географиялық атаулар ретінде: *Ақ Мешіт* – форт Перовский; *Ақтау* – гора Ақтау, *Алматы* (алмалық) город Верный (Алматинск), *Алматы су* – Алматинка деген атаулар қолданылады, сондай-ақ *Еділ* – Волга: *Еділ*, *Жайық* – реки Волга и Урал.

Ең алдымен, есім сөздерден зат есім жасайтын жұрнақтарды сөз етелік. *-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік* жұрнақтары: *сулық* – полотенце, которым вытирают руки после мытья; *қарттық* (қарт+тық) старость. Басқа сөз таптарынан зат есім жасайтын сөздердің мысалы: *сұйықтық* (сұйық+тық) жидковатость; *серілік* – 1) праздность; 2) франтовство. «Қазақ грамматикасында» бұл типтес жұрнақтар жалғану арқылы жасалған туынды зат атауларының бірқыдыруын *этномәдени лексикаға қатысты* сөздер құрайтындығы айтылады (Қазақ грамматикасы, 2002: 287).

Сөздіктегі қазақ лексикасының ендігі бір үлкен тобы – халқымыздың байырғы заттық мәдениетімен, өзіндік тұрмыс жағдайымен байланысты атаулар. Оған мысал ретінде төмендегі сөздерді келтіруге болады: *түндік* (түтін+лік) – покрывка дымового отверстия; *тұрлық* – кошмы, которыми покрывается нижний ярус кибитки. Соңғы сөз негізінде *туырлық* болуы керек. Сөздікте естілуі бойынша жазылған. Осы жұрнақ арқылы жасалатын сөздердің тағы бір семантикалық тобы – түрлі тағам мен өсімдік түрлерімен, сондай-ақ жәндік, жан-жануарлармен байланысты. Мысалы: *жандық* (жан+лық) живое существо, животное; *қымыздық* (қымыз+дық) – щавель. Бұл жұрнақ қазақ тілінде өнімді жұрнақтар қатарына жатады. Бұл жұрнақ арқылы жасалған туынды түбір зат есімдер сөздікте көптеп кездеседі.

Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде де ең өнімді сөзжасамдық жұрнақтардың бірі ретінде *-шы, -ші* жұрнағын атауға болады. Бұл жұрнақ «Қазақ грамматикасында» генетикалық жағынан *-шық, -шік* тұлғалығымен, *-са, -се* формантымен, қытай-корей тілдеріндегі «адам» мағынасында қолданылатын «са» сөзімен байланыстырылады (Қазақ грамматикасы, 2002: 296). Сөздікте *-шы, -ші* жұрнағы жалғану арқылы жасалған сөздер: *ауылышы* (аул+чы) – посетитель, гость; *барымташы* (баранта+чы) – барантач. Соңғы сөзді Н.И. Ильминский материалдарымен салыстырып қарағанда, ол сөздікте де қолданғаны байқалды (Ильминский, 1860). Демек, Н.И. Ильминский де, В.В. Радлов та қазақ халқының бітіспес дауларының бірі – барымта туралы хабардар болған. «*Балшықшы* – болотный кулик» сөзі де екі сөздікте кездеседі.

Сөздіктегі қазақ сөздері бойынша есім сөздерден зат есім жасайтын жұрнақтар құрамында, сондай-ақ *-шылық, -шілік, -дас, -дес, -тас, -тес, -лас, -лес, -шақ, -шек, -тек, -у* жұрнақтары кездеседі.

Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтардың да В.Радлов сөздігінде кеңінен қолданыс тапқандығы байқалады. Мәселен, *-ма, -ме, -ба, -бе, -на, -не* жұрнақтары жалғану арқылы: *жайма* (жай+ма) – 1) простыня; 2) разливающаяся по лугам вода; *-м, -ым, -ім* жұрнақтары арқылы жасалған сөздерге: *білім* (біл+м) – знание; *бүркім* (бүрк+м) – «брызги»; *-шық, -шік* жұрнақтары жалғану арқылы: *бүршік* (бүр+чік) – древесная почка; *қарауылыш* – қарауылшы; *-уыш, -уіш* жұрнақтары жалғану арқылы: *қарауыш* – зеркало; *қастауыш* – краска (добытая из внутренностей лошади), которою девицы красят свои брови; *-қ, -к, -ық, -ік* форманттары арқылы: *жөткірік* (жөткір+к) – легкий кашель; *талғақ* (талға+қ) – беременная женщина, когда она прихотничает; *-ай* жұрнағы арқылы жасалған сөздер құрамы өте аз: *баурай* (баур+ай) – спуск с горы, отлогость; *-мақ, -пақ* жұрнағы арқылы жасалған сөздер: *куімақ* (куі+мақ) – блин; *токмақ* = токпак – деревянная колотушка; *шакпак*= чакмак (зат) – огниво, курок у ружья.

В.В. Радлов сөздігінде қазақ тіліндегі септік жалғаулары түгелдей қолданысқа түскен. Бұл туралы академик Р.Сыздық: «Бұдан үш-төрт ғасыр бұрын жасалған көркем сөз үлгілері тілінің негізгі грамматикалық категориялары: септік, тәуелдік жалғауларының мағыналары мен қызметтері, етістіктің рай, етіс, есімше, көсемше тұлғаларында жұмсалыу тәртібі, сөздердің байланысу амалдары (қиысу, меңгеру, жанасу) қазіргі кездегімен бірдей түседі» деген қисынды пікір айтады (Сыздықова, 1993: 95).

Сын есімдер жеке атау сөз болып та, сөз тіркесінің құрамында да берілген. Мысалы, *асыл* сөзі (1) (хорошей расы, хорошего происхождения): *асыл кісі* – благородный, аристократ; *Абылай тегі асыл* – происхождение Аблая высокое; 2) хороший, прекрасный, дорогой, ценный: *асыл тас* – драгоценный камень, алмаз; *асыл бұйымдар* – дорогие вещи; 3) сталь: *пышақтың асылы бітті*

– на нож стали более не осталось. Негізгі және туынды түбір (сын есімнен, басқа сөз таптарынан) күйіндегі сын есімдер сөздікте көптеп кездеседі. Туынды түбір сын есімдер: *-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті* жұрнағы арқылы: *әнді* (ән+лі) имеющий напев; *қазақтарда түрлі әнді өлең бар* – у киргизов бывают песни с различными напевами; *үмітті* (үміт+лі) – надежный; *-шыл, -шіл* жұрнағы жалғану арқылы: *жершіл* (жер+шіл) – знающий страну, не легко зблуждающийся; *жетекшіл* (жетек+шіл) – 1) лошадь, которая легко ходит на поводу; 2) послушный человек; *-у* жұрнағы арқылы жасалған: *тату* (тат(ы)+у) – 2) мирный, согласный, смирный: *Бұхар ханы Орус ханы-менен(мінән) тату болды* – хан бухарский и Хан русский живут в мире; *Төрт аяқтыда бота тату, екі аяқтыда құрдас тату* – между четвероногими самый смирный – верблюжий жеребенок, между двуногими – ровесник (посл.).

Сын есім жалаң түрінде де (*тоқ*), күрделі түрінде де (*қуаяқ* (ку+аяқ) тонконогий; *қу-шеке* лысый; т.б. берілген. Бір түбірден тараған сөздерге байланысты шығатын қорытынды: сөздердің алдымен болымды (есті, құтты) мағыналары, содан кейін болымсыз (ессіз, құтсыз) мағыналары беріледі. Сонда ең көп қолданылған өнімді жұрнақтар ретінде *-ды, -ді, -лы, -лі, -ты, -ті, -сыз, -сіз* қосымшаларын атауға болады. Сын есімнің жай шырай (жүйрік, жеңіл, қу, боз, ақ) түрі де, салыстырмалы шырай (бозғыл, ақшыл, ойпаңдау, *өстірек*), асырмалы шырайы да кездеседі. Бұл жерде ең көп кездесетіні – жай шырай.

Сан есімдерден ең көп кездесетіні – есептік сан есім: *бір, иекі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, жиырма, отыз, қырық, иелу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан, дүз, мың*.

Реттік сан есімдер *-інші, -ыншы, -нші, -ншы* жұрнақтары арқылы жасалған: *тоқсаныншы* (тоқсан+ыншы) – девяностый; *жетпісінші* (жетпіс+нші) – семидесятый.

Жинақтау сан есімдері *-ау, -еу* жұрнақтары арқылы көрсетілген: *алтау* – все шестеро; *үшеуі* – все трое; *біреу* (бір+еу) – один из некоторых.

Болжалдық сан есім: *бірер* (бір+ер) – по одному.

Топтау сан есімдері: *онар* (он+ар) (оннан) – по десяти; *сегізден* – по восьми.

Бөлшектік сан есімдер: *жарым* – вполовину; *жарты* – 1) половина; 2) половинный; *жарты шекпен* – полусукно; *бірісі* (бірі+сі) – один из числа прочих: *бірісі шықты, бірісі үйде қалды* – один вышел, другой остался дома; *ширек* – четвертая часть, четверть.

Сонымен, сөздіктегі сан есімдер саны – 51. 1-ден 10-ға дейінгі сандар (бірліктер), 20-дан 100-ге дейінгі (ондықтар) және 1000 саны берілген.

Есімдіктердің түрлері де сөздікте біршама берілген. *Жіктеу есімдігі:* *мен, сен, сіз, біз, ол*. Ол туралы кеңірек сөз болады: *ол* – он, она, оно (вместо местоимения личного третьего лица): а) род. пад. *оның* – имеет значение родительного падежа местоимения указательного и употребляется как местоимение притяжательное третьего лица: *онан соң* – после этого; *оның үш ұлы болыпты* – у него было три сына; б) дат.пад. *оган* употребляется и как наречие *оган күшім жетпеді* – на это силы моей не достало; в) винител.пад. *оны* г) местный пад. *онда* – там; множественное число *олар* склоняется правильно. В.В. Радловтың *ол* есімдігінің барлық негізгі септіктерде септелуін көрсетуі – есімдіктің грамматикалық жақтан қаншалықты маңызды болып отырғанын көрсетеді. *Сілтеу есімдіктері:* *бұл* (бұ+ол), *осақ* (осы+ақ), *осы* (ош+бу), *ол, о, ту, міне* = *мінекей, мына, со, сонда* (сол+да), *сондай* (сол+дай), *сол, тунау*.

Жалпылау есімдіктері: *барша, жалпы, тамам*.

Есімдіктер қазақ тілінде сан жағынан көп емес, небары 60-70-тей сөз. Бірақ олар мағыналық жақтан да, тұлғалық жақтан да басқа есімдерден толық ажырайды. Ал сөздікте қолданылған есімдіктердің жалпы саны – 61. Яғни, жақсы қамтылған деп айтуға болады және сол кезеңде жарық көрген сөздіктердің ешқайсында дәл осындай біліктілік, толықтық байқалған емес.

Сөздікте зат есімнен кейін көп қолданылған сөз табы – етістік. Етістіктер сөздікте қабылданған лексикографиялау ережесі бойынша, бұйрық райдың екінші жағында тұрады (бұл туралы В.Радлов кітаптың алғы сөзінде айтып өтеді). Сөздікте етістіктер түбір күйінде де, туынды етістік, біріккен етістік, тіркес арқылы жасалған күрделі етістік күйінде де кездеседі. Туынды етістіктер әртүрлі сөз таптарынан қосымшалар арқылы жасалған. Енді туынды етістіктердің сөздіктегі қолданылу ретіне тоқталып көрейік.

Ең алдымен, өнімді жұрнақ ретінде *-ла, -ле, да, де, та, те* жұрнағын атауға болады. Себебі

бұл жұрнақ сөздікте актив түрде қолданылған: *биле* (би+ле) владеть, управлять, решать, распоряжаться; *пырылда* – мурлыкать; *шайла* (шай+ла) – пить чай (*шайла* сөзі қазіргі қолданыста кездеспейді, жергілікті сөз ерекшелігі болуы да мүмкін); *сөйде* – так сказать. Бұл жерде ауызекі тілдегі сөз қолданылған деп ойлаймыз. Мұндай сөздердің кездесуі заңды да. Себебі В.Радлов материалдарының көпшілігін ауызекі тілден жинаған.

«Қазақ грамматикасында» -ла, -ле арқылы туындаған күрделі жұрнақтар: -лан, -лен. Бұл жұрнақтың -дан, -ден, -тан, -тен варианттары бар. Олардың -ла, -ле мен өздік етістің -н аффиксінен күрделеніп қалыптасқаны дау тудырмайтыны айтылады (Қазақ грамматикасы, 2002: 383). Дәл осы пікірді өз сөздігінде В.В. Радлов та айтады. Бұл оның көрегендігін, түркі грамматикасының, соның ішінде қазақ тілі грамматикасының қыр-сырын білгендігін байқатады.

Ғалым сөздікке есімше мен көсемшелі тұлғаларды да алып отырған. Олар нақты қимыл-сын мәнін беруіне байланысты лексикографияланған: *ақырындап* – ақырынлап; *i(u)* (2) нагибать, наклонить: *мойнын иіп тұрды* – опускаю шею он стоял там. Осы келтірілген мысалдардан және ғалымның өз аузынан айтылған түсініктемелерден оның грамматика мәселелерін қаншалықты терең түсінгендігін анық байқауға болады.

Үстеулер – басқа сөз таптарынан қосымшалар арқылы немесе сөздердің бірігуі арқылы немесе қосарлану, тіркесу арқылы пайда болып, жаңа мағынаға ие болған сөздер тобы. Үстеулер құрамы жағынан, ең алдымен, екі топқа бөлінеді. Олар: негізгі және туынды үстеулер (Бектұров, 2008: 134). Енді үстеулердің сөздіктегі қолданылу ретіне тоқталып көрейік. *Мезгіл үстеулері* – қимыл, іс-әрекеттің жүзеге асу уақытын, мезгіл, мерзімін білдіреді (Қазақ грамматикасы, 2002: 547): *мана* – недавно, давеча; *ярын* – в следующем году; *күндіз* – 1) днем; 2) дневное время, т.б.; *язғы* (жаз+ғы) – весенний; *байырғы* – доморощенный скот; *язды күні* – летом; *түстенкейін* (түс+тен+кин) – после полудня; *бірсүгін* (бірісі+күн) – послезавтра; *биыл* (бұ+жыл) – нынешний год; *бұрнағы күн* – третьего дня т.б. *Мекен үстеулері*: *сырт* – задняя часть, спина; *жоғары* – 1) вверх; 2) верхнее место; *аз* (1) – мало, немного, незначительно; *аз-маз*, *біраз* – немного; *азын-аулак* – отчасти; *арғы* (ары+ғы) – находящийся на другой стороне; *жаықтың арғы бетінде* – на той стороне Урала; *төменде* (төмен+ле) – идти вниз, находится внизу; *бермен* (бері+мен) – сюда; *арылы-берілі* (ары+лы) – здесь и там. *Мөлшер үстеулері*: *жалғызак* (жалғыз+ак) – только один; *сүйем* – четверть, расстояние между большим пальцем и указательным; *солак* – немного, короткое время; *осынша* (ос+н+ча) – так много; *соншама* – столько; *азбана* – 1) немножко, только немного; *азбана берді* – он только немножко дал; 2) с отрицанием: едва, чуть-чуть; *азбана келмеді* – он мог едва прийти; *азбантай* (азған+тай) – очень немного; *азмаз* (аз+мы+аз) – мало-мальски; *азмаз киімім қалды* – мне немного одежды осталось. *Сын-қимыл үстеулері*: *імі* (жыты) – скоро; *імі мүрді* – он ехал шибко; *иңсақ* – 1) ошибка; 2) нечаянно, по ошибке; *дүркін* – раз; *дереу* – тотчас, без замедления; *дереу әкеп бер!* – сейчас же принеси!; *солайша* (солай+ча) – таким образом; *солай* (сол+дай) – так; *тырабай*: *тырабай етті* – он рассеял, разогнал; *жұтқын* (жұт+қын) – глоток, кусок; *тұқыраң* (тұқыр+аң) – опустивший голову; *қайтадан* (қайта+дан) – снова, опять; *қайтадан бастады* – он снова начал; *язатайым* – в самом деле, как следует; *біратола* – за раз; *сак-сак* – звук стукотни; *түнкат* (түн+кат) – ехать всю ночь. *Мақсат үстеулері*: *жорта* – нарочно, умышленно. *Күшейтпелі үстеулер*: *ең* – очень, весьма; *ең кіші айтты* – младший из всех сказал; *тіпті* – совсем; *тіпті болмас* – это совсем невозможно; *құп* – слог, приставляемый перед именами прилагательными, начинающимися на *қу*, для усиления значения: *құп-құрғак* – совсем сухой. Себеп-салдар үстеулері: *бекер* – напрасно, зря, неуместно; *шарасыз* (шара+сыз) – не имея средств, возможности, помимо воли, по нужде.

Сөздіктегі ең көп қолданылған үстеудің түрі сын-қимыл үстеулері болды. Негізгі түбір үстеулер күйінде де, туынды түбір күйінде де, күрделі түрінде де сөздікте көптеп кездесті. Сөздіктегі барлық сын-қимыл үстеулері мысалға алынған жоқ. Одан кейінгі кезекте мезгіл үстеулері мен мекен үстеулері тұр. Үстеудің бұл семантикалық топтарына қатысты мысалдардың барлығы да келтірілді. Күшейткіш үстеуінің сөздері тілімізде онша көп емес екені белгілі. Бұл топтың да мысалдары толығымен келтірілді. Мақсат үстеулері жалпы тілімізде аз болғандықтан, сөздікте *жорта* сөзін ғана кездестірдік. Топтау үстеуіне мысал жоқтың қасы. Ал жалпы сөздіктегі үстеулердің толық саны – 258 сөз болды.

Шылаулар – сөздерді, сөйлемдерді байланыстырып, өзі қатысты сөздерге, сөйлемдерге жаңа үстеме мағына беретін сөз табы. Бірақ тіліміздегі барлық шылаулардың атқаратын қызметі бірдей емес. Олардың кейбірі сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыру қызметін атқарса, енді біреулері сөздерді грамматикалық қатынасқа келтіріп отырады, үшінші біреулері сөздер мен сөз тіркестерін немесе сөйлемдерді анықтап, я болмаса толықтап, қосымша мағына үстеп жатады (Бектұров, 2008: 138). Ең алдымен *септеулік шылау* туралы сөз етсек, олар тілімізде жиі қолданылады және сөзтізбелік мақалада өзіндік орны бар. Ал жалғаулық шылау мен демеулік шылау түрлерін тек мысал ретінде берілген сөйлемдерде ғана кездестіре алдық. Сондықтан бұл сөйлемдерді В.Радловтың қолданылғанын ескере отырып, шылаудың қалған түрлеріне мысал ретінде келтірдік. *Атау септігінің шылаулары*: *түгіл* – нет: *әт түгілі су да жоқ* – не только нет мяса, даже нет воды; *сықылды* (сықыл+лы) – имеющий форму; *барыс септігінің шылаулары*: *таман* – в направлении к: *үйге таман барды* – он пошел в направлении к дому; *ауылға таман* – к аулу; *шығыс септігінің шылаулары*: *соң* – 1) место после родов; 2) после: *келгеннен соң* – после того, как пришел; *кейін* – после, сзади: *кейін келер* – он придет после; *келгеннен кейін көрмедім* – я не видел его после приезда.

Одағай адамның ішкі сезімін, көңіл-күйін білдіретін сөз табы. «Қазақ грамматикасы» тіліміздегі одағайларды білдіретін мағыналарына қарай үш топқа бөліп қарастырады: 1) көңіл-күй одағайлары; 2) императивтік одағайлар; 3) тұрмыс-салт одағайлары (Қазақ грамматикасы, 2002: 564). Одағайлардың осы түрлерінің сөздіктегі қолданысына тоқталып өтсек, 1) көңіл-күй одағайлары: *алақай* – восклицание радости; *пай* – восклицание удивления; *шіркін* – выражение неудовольствия, брань, бранное слово; 2) императивтік одағайлар: *шу* – восклицание для понукания лошадей; *но* – ну! (понукание); *тпруай* – крик, чтобы призывать овец; 3) тұрмыс-салт одағайлары: *шүкір* – араб. благодарность; *ләппәй* – что? что ты говоришь? что угодно? Говори, я слушаю! (обращаясь вежливо к старшему).

Сөздікте қолданылған одағайлардың жалпы саны – 28. Қуану мәнінде де, жекіру мәнінде де сөздікте қолданысқа көбірек түскені көңіл-күй одағайлары екені байқалды және сөздікте кездескен барлық одағайлар мысалға келтірілді.

Есту арқылы пайда болатын ұғымдардың атын білдіретін сөздер еліктеуіш сөздер делінеді (Қазақ грамматикасы, 2002: 145). Сөздікте *еліктеуіш сөздер* де кездеседі: *шөлп*: *шөлп етті* – он заставил вырнуть, бросал, толкал в воду; *шорт* – звук разламывания; *дүрс*: *дүрс етті* – он упал с шумом; *зыр* – шум летящей стрелы, вертящегося колеса, свист, журчание; бейнелеуіш сөздер: *жалт* – 1) блестящий; 2) вдруг, вмиг; *қыриш*: *қыриш-қыриш* – хрустящий, скрежещущий звук. Сөздіктегі барлық еліктеуіш сөздердің қолданым саны – 11.

Адамның айтайын деген ойына көзқарасын, пікірін білдіретін *модаль сөздер* ретінде сөздіктегі төмендегі мысалдарды келтіруге болады: *бар* – 1) существование, бытие: *бар жоқ болды* – его бытие исчезло; 2) существующий, он есть: *сенің аға, інің бар* – у тебя есть старшие и младшие братья; 3) богатый: *бар кісі* – богатый человек; *секілді* (секіл+лі) – похожий; *тәрізді* (тәріз+лі) – подобный; *тиісті* – достойный, подходящий; *шығар* (шық+ар) – кажется, что так, вероятно; *сықылды* (сықыл+лы) – имеющий форму. *Қыстырма сөздер* де сөздікте біршама кездеседі: *сірә* – наверное не (с отрицательной формой глагола); *жүдә* – совсем, отнюдь (при отрицании); *ай* – 1) восклицание удивления: *ай-ғай*. ставится перед именем существительным. И после него: – *ай апакем!* Ох, матушка! *Құдайым-ай!* О, боже!; *жарықтық* (жарық+тық) – 1) свет, сияние; 2) ласковое слово: *ай жарықтығым!* – О ты свет мой!; *айна* (перс.) – ласкательное слово: *менің айнама!* – душа моя!

Қорытынды

Сонымен, зерттеу барысында В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» атты жалпытүркілік сөздігіндегі қазақ сөздерінің негізгі грамматикалық сипаттамасы жасалып, басты ерекшеліктері анықталды. Сөздікте «Радлов әліпбиі» атанған әліпбилік ретпен келтірілген қазақ сөздерінің айтылымы, естілімі толық ескеріліп отырған. Сол себепті де кей реттерде бір сөздің қатаң немесе ұяң варианттары кездесіп отырады. Айтылымды дәл беру мақсатында дифтонгтар мен трифтонгтар қолданылған. Мәселен, сөздердегі жергілікті ерекшелікті білдіруде «дж» аффрикаты жиі қолданыс тапқан. В.В. Радлов дыбыстардың үндестік заңын, сингармонизмді түркі

тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің ең негізгі фонетикалық заңдарының бірі ретінде санай отырып, сөздікте мол дерек келтіреді. Ерін үндестігінің сөздердің төртінші буынында да сақталып отырғандығын айғақтайды. Қазақ тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың бұдан бір жарым ғасыр бұрын В.В. Радлов тарапынан ұсынылып отырған құрамы қазіргі заманауи дыбыстық құраммен толықтай сәйкес келеді. Ғалым қазіргі даулы мәселелердің бірі «й», «у» дыбыстарының жазылымы турасында да таза ғылыми көзқарас білдіреді. Сөздікте берілген қазақ сөздерінің морфологиялық, сөз таптық құрамы мен сөзжасамдық жүйесі қазіргі жүйемен толық сәйкес келеді.

В.В. Радловтың «Түркі тілдерінің сөздігін жасау тәжірибесі» еңбегі сөзтізбесіне атаусөз яғни реестр ретінде алынған қазақ лексикасы негізінен жай сөздерден құралды. Сөз тіркесінен тұратын күрделі сөздердің жалқы есімге жататын жер-су, елді мекен атауларынан басқалары алынбады. Алайда жай сөздің өзін ғалым өз сөздігінде негізгі түбір мен туынды түбір жігін көрсете отырып лексикографиялаған. Туынды түбірдің жасалу жолдары әр сөз табының сөзжасамына сәйкес көрсетілген. Кейбір өнімсіз жұрнақтар мен қазіргі қолданыста кездеспейтін бірен-саран сөздерді есептемегенде, сөз тудырушы жұрнақтардың қазіргі кездегіден елеулі өзгерісі жоқ екені байқалады. В.В. Радлов сөздігіндегі ең кеңінен, молынан қамтылған параметр – ол грамматикалық параметр болғандығын байқаймыз. Мұның өзі В.В. Радловтың қазақ тілінің грамматикасына қаншалықты дәрежеде жетік болғандығын және қазақ тілінің грамматикалық құрылымын қаншалықты толыққанды деңгейде лексикографиялағанын көрсетеді.

Өз тарапымыздан, мақаланы қорытындылай келе айтарымыз:

- біріншіден, В.В. Радлов ғылыми зерттеу еңбектерінде, әсіресе түркі тілдерінің фонетикасына арналған классикалық еңбектерінде негізгі ғылыми тұжырымдарын қазақ тілінің табиғатына, оның фонетикалық заңдылықтарына арқа сүйей отырып жасаған. Жалпытүркілік грамматикалық сипаттама жасау кезінде де ең негізгі түркі тілдерінің бірі ретінде қазақ тілі бойынша терең ғылыми тұжырымдар жасаған. Сол себепті ғалымның қазақ грамматикасы туралы ой-пікірлерін қазіргі ғылыми оқырманға таныстыру абзал болмақ;

- екіншіден, В.В. Радлов сөздіктерінде келтірілген қазақ лексикасының құрамы мен семантикалық құрылымын, әсіресе грамматикалық тұлғасын толық келтіріп, жинақтап шығару, оларды тіл тарихының, тарихи фонетика мен тарихи лексикологияның нысанына айналдыру ісі – басты парызымыз болмақшы демекпіз.

Әдебиеттер

- Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. – Алматы: Ғылым, 1988. – 142 б.
- Әлімбаев М. Қазақ тіліндегі үндесім құбылысының артикуляциялық сипаты: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2010.
- Батманов И.А. Фонетическая система современного киргизского языка. – Фрунзе, 1946. – 173 с.
- Бектұров Ш.К. Қазақ тілі. – Алматы: Атамұра, 2008. – 335 б.
- Ел қазынасы – ескі сөз (В.В. Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері) / [құраст.: Б. Уахатов, С.А. Қасқабасов, К.С. Матыжанов; ред. алқ.: З.А. Ахметов [ж.б.]] ; ҚР Ұлттық ғылым акад.; М.О. Әуезов атын. Әдебиет және өнер институты. – Алматы: Ғылым, 1994. – 613 б.
- Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. – Казань: Унив. тип., 1860. – 199 с.
- Қазақ грамматикасы. – Астана: Елорда, 2002. – 783 б.
- Мусаев С.Ж., Садыкова С.З. Лексика киргизского языка в словаре В.В. Радлова «Опыт словаря тюркских наречий» // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота, 2018. – №1. – Ч. 2. – С. 345-348.
- Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. – СПб., 1893. – Т. I. – Кн. 1. – 970 с.
- Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен. – СПб., 1870. – том 3.
- Садыкова С.З., Мусаев С.Ж. Труд В.В. Радлова «Фонетика северных тюркских языков» и некоторые актуальные проблемы киргизского языкознания // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота, 2017. – №10(76). – Ч. 2. – С. 151-155.
- Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 319 б.
- Хусаинов К. В.В.Радлов и казахский язык. – Алма-Ата: Наука, 1981. – 170 с.
- Шнайдер В.А. В.В.Радлов и фонетика современного казахского языка: дисс. ... канд. филол. наук. – Павлодар: ПаУ, 2003. – 130 с.
- Шнайдер В.А. Түркі және қазақ тілдері вокализм жүйесіне қатысты В.В. Радлов ұстанымдарының интерпретациясы. – Павлодар, 2010. – 127 б.
- Radloff W. Phonetik der Nördlichen Türksprachen. Leipzig: T.O. Weigel s Verlag, 1882. 318 s.

References

- Alimbaev, M. (2010) Qazaq tilindegi undesim qubylysynyng artikuljacialyq sipaty: Filol. gyl. kand. ... avtoref. Almaty. [Alimbayev, M. (2010) Articulatory nature of the phenomenon of harmony in the Kazakh language: Philol. Science kand. diss. author's abstract. Almaty.] (in Kazakh)
- Aralbaev, Zh. (1988) Qazaq fonetikasi boynsha jetjudter. Almaty: Gylym, 142 b. [Aralbayev, Zh. (1988) Etudes on Kazakh phonetics. Almaty: Gylym. 142 p.] (in Kazakh)
- Batmanov, I.A. (1946) Foneticheskaja sistema sovremennogo kirgizskogo jazyka. Frunze, 173 s. [Batmanov, I.A. (1946) Phonetic system of the modern Kyrgyz language. Frunze. 173 p.] (in Russian)
- Bekturov, Sh.K. (2008) Qazaq tılı. Almaty: Atamura. 335 b. [Bekturov, Sh.K. (2008) Kazakh language. Almaty: Atamura. 335 p.] (in Kazakh)
- El qazynasy – eski soz (V.V.Radlov zhinagan qazaq folklorynyng ulgileri). B. Uahatov, S.A. Qasqabasov, K.S. Matyzhanov; red.Z.A. Ahmetov. Almaty: Gylym, 1994. 613 b. [The treasure of the country is an old word: examples of Kazakh folklore collected by V.V. Radlov. B. Uakhatov, S.A. Qasqabasov, K.S. Matyzhanov; red. Z.A. Akhmetov. Almaty: Gylym. 613 p.] [(in Kazakh)
- Ilminskiy, N.I. (1860) Materialy k izucheniju kirgizskogo narechija. Kazan: Univ. print. house, 199 s. [Materials for studying the Kyrgyz dialect. Kazan: Univ. print. house. 199 p.] (in Russian)
- Khusainov, K. (1981) V.V. Radlov i kazakhskij jazyk. Alma-Ata: Nauka, 170 s. [Khussainov, K. (1981) V.V. Radlov and the Kazakh language. Alma-Ata: Nauka. 170 p.] (in Russian)
- Musaev, S.Zh., Sadykova, S.Z. (2018) Leksika kyrgyzskogo jazyka v slovare V.V. Radlova «Opyt slovarja tjurkskih narechij». Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki. Tambov: Gramota. №1 (74) ch. 2. S. 345-348. [Musayev, S.Zh., Sadykova, S.Z. (2018) The vocabulary of the Kyrgyz language in the dictionary of V.V. Radlov "The experience of the dictionary of Turkic dialects". Philological sciences. Questions of theory and practice. – Tambov: Gramota. No.1 (74) part 2. P. 345-348.] (in Russian)
- Qazaq grammatikasy (2002). Astana: Elorda, 783 b. [Kazakh grammar (2002). Astana: Elorda. 783 p.] (in Kazakh)
- Radlov, V.V. (1870) Obyazyki narodnoj literatury tjurkskih plemjon. SPb., Tom 3. [Radlov, V.V. (1870) Samples of folk literature of Turkic tribes. St. Petersburg. Volume 3.] (in Russian)
- Radloff, W. (1882) Phonetik der Nördlichen Türksprachen. Leipzig: T.O. Weigel s Verlag, 318 s. [Radloff, W. (1882) Phonetics of the Northern Turkic languages. Leipzig: T.O. Weigel s Verlag. 318 p.] (in German)
- Radlov, V.V. (1893) Opyt slovarja tjurkskih narechij. SPb., T. I. Kn. 1. 970 s. [Radlov, V.V. (1893) Experience of a dictionary of Turkic dialects. St. Petersburg. Vol. I. Book. 1. 970 p.] (in Russian)
- Sadykova, S.Z., Musaev, S.Zh. (2017) Trud V.V. Radlova «Fonetika severnyh tjurkskih jazykov» i nekotorye aktual'nye problemy kyrgyzskogo jazykoznanija. Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki. Tambov: Gramota. №10 (76) ch. 2. S. 151-155. [Sadykova, S.Z., Musayev, S.Zh. (2017) V.V. Radlov's work "Phonetics of the northern Turkic languages" and some actual problems of Kyrgyz linguistics. Philological Sciences. Questions of theory and practice. Tambov: Gramota. No.10 (76). part 2. P. 151-155] (in Russian)
- Shnaider, V.A. (2003) V.V. Radlov i fonetika sovremennogo kazakhskogo jazyka: Diss. kand. filol. nauk. Pavlodar: PaU, 130 s. [Shnayder, V.A. (2003) V.V. Radlov and the phonetics of the modern Kazakh language: Cand. diss. Philol. Science. Pavlodar: PAU. 130 p.] (in Russian)
- Shnaider, V.A. (2010) Turki zhane qazaq tilderi vokalizm zhujesine qatysty V.V. Radlov ustanymdarynyng interpretacijasy. Pavlodar, 127 b. [Shnaider, V.A. (2010) Interpretation of positions of V.V. Radlov regarding vocalism system of Turkic and Kazakh languages. Pavlodar. 127 p.] (in Kazakh)
- Syzdyqova, R. (1993) Qazaq adebi tilining tarihy. Almaty: Ana tılı, 319 b. [Syzdyqova, R. (1993) History of the Kazakh literary language. Almaty: Ana tili. 319 p.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 02.04.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 20.03.2025.

© Малбақов М.М., Бердиллаева М.Б., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025